# Дәріс 2 АӨК кәсіпорындарын негізгі қызмет етуі



# Жоспары:

- Кәсіпорынның түсінігі, басты міндеттері мен қызметтері
- Меншік нысаны бойынша кәсіпорынның түрлері.
- Кәсіпорынның ұйымдастыру–құқықтық нысандары (ірі, орташа, шағын, негізгі) және қосымша белгілері бойынша жіктелуі.

Кәсіпорын дегеніміз- қандай да бір өнім өндіретін немесе қызмет көрсететін экономикалық жағынан дербес, техникалық жағынан аяқталған қоғамдық еңбек бөлінісінің бір буыны

Кәсіпорындар белгілі бір өндіріс өнімін шығару үшін, не болмаса жұмыс атқару үшін, әртүрлі қызметтер көрсетулер арқылы қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында құрылады.



**Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы болады.**

ІШКІ - еңбек ресурс-тары, техника, технология, бәсеке-лестік, маркетинг және т.б, жатады.

СЫРТҚЫ- экономикалық саясат, құқықтық жағдай, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және технологиялық жағдайлар жатады.

**Кәсіпорынның негізгі мақсаты** – бәсекелесуге қаблетті өнім шығару арқылы неғұрлым көп пайда табу және ең аз шығынмен ең жоғарғы пайда табу негізінде сұранысқа ие және бәсекелесуге қаблеті бар өнім шығару болып табылады.



# Кәсіпорынның қызметтері :

**- Өндірісте және жекеше тұтынылатын өнім шығару;**
**- Тұтынушыға өнімді жеткізу және сату;**
**- Өнімді сатып болғаннан кейін қызмет атқару;**
**- Кәсіпорындағы өндірісті материалдық – техникалық жабдықтау;**
**- Ксәіпорын жұмысшыларының еңбегін ұйымдастыру және басқару;**
**- Кәсіпорындағы өндіріс көлемін жан – жақты дамытып, ұлғайту;**
**- Кәсіпкерлік;**
**- Салықтарды төлеу, мемлекеттік бюджеттің және басқа да қаржы ұйымдарының міндетті және міндетті емес төлемдерін орындау;**
**- Мемлекеттік заңдарды, нормативтер мен стандарттарды орындау.**

# Кәсіпорынның шығарытын заттары:

- Белгілі бір ассортименттегі, номенклатурадағы, көлемдегі дайын өнім;
- өндіріс қалдықтары;
- өндіріс шығындары;
- ақша қаражаттары

**Кәсіпорын жүргізетін үрдістер:**

- Ғылыми зерттеулер;
- Проект (жобалау) конструкциялау;
- Дайындау;
- Жөндеу;
- Бақылау;
- Қызмет ету, сақтау, тасымалдау, түптеу, орау, басқару.

# Кәсіпорындар түрлі белгілеріне байланысты былай бөлінеді:



# Салалық құрылымына байланысты:

- Өнеркәсіптік
- Құрылыс
- Көлік
- Ауыл шаруашылығы
- Байланыс

Жеке кәсіпкерлік

Акционерлік қоғам

Серіктестіктер

Ұйымдастыру – құқықтық формасына байланысты

Шаруа қожалықтары

Өндірістік кооперативтер

# Серіктестіктер

- Толық серіктестік
- Коммандиттік серіктестік
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

## Ұйымдастыру – экономикалық формасы бойынша:

- Концерн
- Консорциум
- Трест
- Синдикат
- Холдингтік компаниялар
- Корпорация
- Картель

# Назарларыңызға рахмет!